

ӘОЖ 91(574)

САРЫАРҚА ТОПОНИМИКАСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

А.Е. Егинбаева¹ PhD, доцент м.а., Қ.Т. Сапаров¹ г.ғ.д., профессор, З.К. Мырзалиева² г.ғ.к.,
М.А. Аралбекова¹ г.-м.ғ.к., доцент

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

E-mail: aeginbaeva@mail.ru

²SILKWAY Халықаралық университеті, Шымкен қ., Қазақстан

Қазіргі заманғы топонимика география, лингвистика және тарих ғылымдарының тоғысында қиылысып дамитындықтан, зерттеу әдістері де осы үш ғылымның әдіснамалық негіздеріне сүйенеді. Негізгі зерттеу әдістеріне сипаттау, тарихи, лексикалық-географиялық, салыстырмалы-географиялық, картографиялық (ГАЗ), статистикалық әдістер жатады. Қандай да болмасын әдістің басым қолданылатындығы, топонимдердің ерекшеліктерімен, олардың тарихи-географиялық даму жағдайларымен, зерттелетін аумақтың географиялық ерекшеліктеріне байланысты болады. Мақалада Қазақстан Республикасының үлкен аумағын қамтып жатқан Сарыарқа топонимикасының зерттелу тарихы жөнінде сөз болады. Сонымен қатар, зерттеу әдістерімен бірге, геоакпараттық (ГАЗ), картографиялық әдістердің топонимикалық зерттеулердегі орны мен пайдалану мүмкіншіліктері қарастырылған.

Түйін сөздер: Сарыарқа, ландшафт, табиғи орта, халықтық географиялық терминдер, ландшафттық-топонимикалық зерттеулер, топонимикалық зерттеу әдістері

Поступила 29.05.21

DOI: 10.54668/2789-6323-2021-101-2-88-96

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының үштен бір бөлігін алып жатқан Сарыарқа топонимдерінің шығу тегі мен даму тарихын зерделеу – Қазақстан топонимикасының көкейкесті мәселелерінің бірі. Бұл мәселелерді шешу барысында негізінен үш дереккөзге сүйенуге болады: бірінші, археологиялық қазбалар, екінші көне жазба ескерткіштеріндегі мәліметтер, үшіншіден, ежелден осы күнге дейін қойылып, мән-мағынасын жоғалтпаған жер-су аттары. Арқаның ұлан-байтақ даласының ата-мекен жерлерінің байырғы, ұмыт болған атаулары жайлы мәселелерді көрсету, оны ғылыми тұрғыдан зерттеу Қазақстан географиясы ғылымы алдында үлкен міндеттер жүктейді.


Географиялық бағыттағы топонимикалық зерттеулерде негізінен географиялық ғылымда қолданылатын әдістер басты сипат алады. Оның ішінде картографиялық, геоакпараттық (ГАЗ),

ландшафттық-индикациялық, тарихи-географиялық т.б. атауға болады. Географиялық атаудың шындыққа, яғни нақты нысанға қатыстылығы, оның пайда болу мерзімі мен оған себепші болған табиғи жағдайлар, белгілі бір тілде қалыптасып, мазмұны мен этимологиясы айқын, жазылу сипаты дұрыс, таралу аймағы мен миграциясы ескерілуі тиіс деп санаймыз. Осы мәселелерді ескеру нәтижесінде топонимикалық зерттеулерде әдістердің әрі қарай нақтылануы немесе ұштастырылуы зерттеу мақсаты мен талданатын дереккөздердің ерекшеліктеріне байланысты болады дегуге толық негіз бар. Өртүрлі әдістер мен тәсілдер қолдану нәтижесінде Сарыарқаның физикалық-географиялық нысандар атауларының құрамындағы орографиялық, гидрографиялық, ландшафттық терминдердің жүйесі топтастырылып, олардың негізінде қалыптасқан атаулар жүйесі анықталып, арнайы топонимикалық карталар сериясы (оронимдер, микрогидронимдер, фитонимдер, зоонимдер, ландшафттар динами-

касының географиялық атаулардағы көрінісі, табиғи ресурстардың топонимдердегі көрінісі т.б.) құрастырылды [10].

Сарыарқа, Арқа (Қазақтың ұсақ шоқысы) деген ұғымға Орталық Қазақстан аумағының көп бөлігін алып жатқан физикалық-географиялық өлке жатады. Батысында Торғай үстіртімен, шығысында Сауыр-Тарбағатай таулы жүйесімен, солтүстігінде Солтүстік Қазақ жазығымен, оңтүстік батысында Тұран ойпатымен шектеседі. Оның батыстан шығысқа қарай ұзындығы 1200 км, шығыс бөлігінде ені 400 км, батысында 900 км-ге жуық. Сарыарқа - өте ежелгі, қатты қираған таулы аймақ, тегі-

стелген қыраттар мен ұсақ шоқылы төмен таулардан тұрады. Олардың арасында геологиялық құрылымы мен жер бедерімен ерекшеленетін тегіс учаскелер, үлкен және кіші депрессиялар, шұңқырлар бар [4]. Ұсақ шоқылардың шығыс бөлігі батыспен салыстырғанда жоғары көтерілген. Сарыарқа палеозойдың шөгінді және магмалық жыныстарынан (гранит, порфирит, кварцит) түзілген. Ауданы 1 млн. км²-ге жуық. Сарыарқаға Қарағанды, Ақмола облыстарының жері толықтай, Шығыс Қазақстан облысының басым бөлігі және Павлодар, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарының біраз жері кіреді (сурет 1) [18].



Сур. 1. Зерттелу аумағының шолу картасы.

Қазақ топонимикасының кейбір мәселелері, оны зерттеудің алғашқы қадамдары көптеген орыс және қазақ ғалымдарының еңбектерінде көрініс тапты. Мәселен, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, кейбір жер-су атаулары (топонимдер) мен этнонимдер жөніндегі аса құнды деректерді Ш. Уәлихановтың, сондай-ақ, орыс ғалымдары Ф. Байков, С.У. Ремезов, П.И. Рычков, Г.Ф. Миллер, В.В. Радлов, А.В. Левшин, В.П. Семенов Тянь-Шанский, Н.А. Аристов, Г.Н. Потанин, А. Гумбольдт, А.И. Макшеев, А.Я. Ханыков, Ф.Н. Чернышев, В.В. Бартольд, сол сияқты кешенді зерттеулер жүргізген Ф. Щербина-

ның еңбектерінен кездестіруге болады [1, 3, 6, 8, 13, 20, 22, 24, 25, 27, 28, 29, 32, 34, 35, 36]. Географиялық карталарда сақталған құнды деректер қатарына С.У. Ремезовтың «Сібірдің Сызба кітабын» жатқызуға болады. 1697 жылы құрастырылған картада Қазақстан аумағына қарасты 200-ге жуық географиялық атауларға тарихи-географиялық тұрғыдан сипаттамалар берілген. Мысалы: Мұғалжар (Айрюк), Жем (Гем), Есіл (Ишим), Арал теңізі (Синее море), Ұлытау (Улутова гора), Жәміш (Ямыш) т.б. [7].

Шоқан өзінің еңбектерінде 3000-нан астам топонимдерді пайдаланған, оның 2600 түркі

тілдес болып келеді, оның еңбектерінде 500-ден астам сол кездегі микротопонимдер кездеседі. Мысалы Таскүнгеі, Қыземшек, Қойтас, Ащысу, Жыланды, Көктас, Қарауылшоқы, Бұрақ, Суықжон, Бассай т.б. атаулар жатады. Ол топонимдердің шығу тегін зерттеулер арқылы дәлелдеген. Ғалымның еңбегі қазіргі ғалымдар үшін мұра болып отыр [34]. М.Ж. Көпеевтің «Сарыарқаның кімдікі екендігі» (1907) еңбегінде көптеген қазақ атаулары, тіпті ноғайлы заманындағы атаулар да кездеседі [16].

Қазақстан географтарының арасында бұл мәселемен арнайы айналысқан, кезінде Э.М. Мурзаев «Қазақстан географиясының пионері» деп атаған Ғ.Қ. Қоңқашбаевтың топонимикалық еңбектері жаңа зерттеулерге жол ашты. 1949 жылдың өзінде қазақ географиялық терминдерін зерттеу, топтастыру негізінде кандидаттық диссертация қорғаған Ғ. Қоңқашбаев Қазақстанда географияның топонимика саласының дамуына зор үлес қосты [15]. Еңбектерінде ғалым географиялық терминдердің шығу тегіне ерекше мән беріп жіктеп топтастырады. Ол ең алғашқы «Қазақ географиялық атаулар сөздігі» атты топонимикалық еңбекті жарыққа (1963) шығарды.

Физикалық-географиялық нысандардың атауларында халықтық-географиялық терминдердің жиі кездесетінін ескерсек, географтардың топонимикалық зерттеулерге қатысуы міндетті деуге болады. Бұл «географтардың жергілікті терминологиядағы семантикалық айырмашылықтарды басқа мамандарға қарағанда жақсырақ түсінуімен» анықталды.

Географ-топонимист ғалым Ғ. Қоңқашбаевтың (1949) осы бастамасы келесі кезекте қазақтың лингвист ғалымдары Ә. Әбдірахмановтың (1955), Т. Жанұзактың (1961), Е. Қойшыбаевтың (1967), О.А. Султаньяевтың (1967) т.б. ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапты [2, 11, 19, 33].

Сарыарқа аумағының геологиясы мен пайдалы қазбаларын зерттеу барысында академик Қ.И. Сәтбаев, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуде академик Ә.Х. Марғұлан топонимикалық әдісті пайдаланып, іс жүзінде жүзеге асырды. География ғылымдарының әдіснамалық мәселелерін қарастыруда академик Қ.И. Сәтбаевтың география ғылымына қосқан үлесін, оның ішінде географ ғалым ретіндегі қызметін атап кету орынды. Ол өзінің зерттеулерінде топонимикалық әдісті пайдаланды. Ғалым пайдалы

қазбалардың орындарын іздестіруде топонимдерді сенімді белгілердің бірі есебінде кездейсоқ енгізген жоқ. Алтынтапқан, Қорғасынтау, Кеңгір, Кеңқорытқан, Мыңшұңқыр, Теміртау т.б. атаулар арқылы көне қазба орындарын анықтап, топонимиканың ғылым ретінде қалыптаспай-ақ тұрып, ол бұл әдісті тәжірибе жүзінде іске асыра алды. Қазақстанда кең орындарының мейлінше бай болып көне замандардан белгілі екендігі, олардың кеңінен өрістегені бұл күнде ғылымда толық анықталып отыр [31]. Бұл жөнінде Ә. Марғұлан: «Біздің заманымызға дейінгі XII-XI ғасырларда-ақ темірдің молынан өндіріле бастағанын спектралды талдау анықтап беріп отыр», – деп жазды. Оған Қалайықазған, Алтынтапқан, Жезді, Рудный, Жезқазған т.б. географиялық атаулар дәлел бола алады [23].

Топонимика қазіргі кезде дербес ғылым саласы ретінде қалыптасып қалғанымен, ол әуел бастан тіл білімі, тарих және география ғылымдарына тәуелді болып келеді. Қазақстан топонимикасын, оның ішінде Сарыарқаның ономастикалық мәселелер аясында дамытуда Т. Жанұзақов, О.А. Султаньяев, А.Е. Жартыбаевтардың жетекшілігімен орындалған теориялық және қолданбалы бағыттағы зерттеулер қомақты еңбектер болып табылады. Бұл зерттеулер лингвистикалық сипатта болғандығын атап көрсеткен орынды [11, 12, 33].

Қазақстан топонимдерінің қалыптасуының тарихи-географиялық, физикалық-географиялық негіздерге қатысты зерттеулердің нәтижелері академик Ә.С. Бейсенованың, профессор А.П. Горбуновтың, профессор Ж.Д. Достайдың географиялық атауларды стандарттау мен унификациялау, профессор А.Р. Медеу, профессор К.Д. Каймулдинова және топонимист-ғалымдар С. Әбдірахмановтың, К. Базарбаевтың, А.О. Маканованың еңбектерінде талданған [14].

Сарыарқа топонимдерінің қалыптасуы мен дамуының географиялық негіздері, ландшафт ерекшеліктерін анықтайтын топонимдерді географиялық-геоэкологиялық ғылымдар тұрғысында зерттеудің жаңа бағыттарын тұжырымдауға қоғам талабы мен жоғарыда аталған ғылымдардың қажеттілігінен туындайды.

Жалпы Сарыарқа топонимдерінің табиғи ортамен байланысы К.Д. Каймулдинова, А.С. Омарбекова, Қ.Т. Сапаров, А.О. Маканова, А.Е. Егинбаева т.б. ғалымдардың зерттеулерінде

географиялық тұрғысынан талқыланды.

Топонимдерді зерттеу барысында географиялық терминдердің алатын орны ерекше. Халықтық географиялық терминдер тек тәжірибелік ғана емес, үлкен ғылыми маңызға ие. Терминдер географиялық атаудың мағыналық мазмұнын анықтайтын топонимнің негізі болып табылады. Топонимдердің әр түрлі үлгілері осындай терминдердің көмегімен жасалған, яғни жергілікті географиялық терминдерсіз бірде-бір елдің топонимдері жасалмаған және жасалмайды [26]. Қазақстанда шамамен 85 мың әртүрлі географиялық атаулар бар деп есептеледі. Өкінішке орай, осындай халықтың рухани байлығы қазіргі уақытқа дейін толық жүйелі түрде жинақталмаған. Еліміздің толық және бірден-бір географиялық атаулардың сақтаушысы ретінде осы кезге дейін ірі масштабты топокарталар саналып келеді. Алайда топографиялық карталардағы атаулардың жартысынан көбі үлкен бұрмаланумен берілген [9].

Үлкен ғылыми және практикалық маңызы бар топонимдерден табиғаттың әртүрлілігі, табиғат ресурстарының қоры, топографиялық нысандардың орналасуы, ландшафттардың ерекшелігі, сол жердің климаттық және гидрографиялық ерекшеліктері, сондай-ақ табиғи

және антропогендік әрекетінен туындаған нысандар, өзіндік ерекшеліктері, саны мен сапасы, ішкі құрылымы мен мәні, географиялық орны, басқа да физикалық-географиялық қасиеттері нақты анық көрінеді. Топонимдер бойынша су көздеріндегі судың сипаты туралы, флора мен фаунаның бұрынғы және қазіргі жағдайы, жайылымдардың өнімділігі мен маусымдылығы туралы және экологиясы жөнінде мәліметтер алуға болады. Сонымен қатар, топонимдерде Сарыарқа аумағындағы қоныстанудың тарихи кезеңдері, адамдардың шаруашылық іс-қимылдары, байырғы көші-қондар мен ұлтаралық қарым-қатынастар, этностардың ареалдары, ғасырлар бойы болған тарихи, саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жан-жақты көрсетілген [17].

Географиялық атаулардың пайда болу заңдылықтары барысында көптеген топонимикалық зерттеулердің әдістері пайдаланылады. Топонимнің пайда болуы қандай да бір нақты - тарихи, географиялық, тілдік заңдылықтар жағдайларына байланысты болады. Негізгі зерттеу әдістеріне сипаттау, тарихи, лексикалық-географиялық, салыстырмалы-географиялық, картографиялық, салыстырмалы-лингвистикалық, статистикалық әдістер жатады (сурет 2).



Сур. 2. Топонимикалық зерттеу әдістері.

Топонимикалық зерттеулердегі ең негізгі әдістердің бірі – салыстырмалы-географиялық әдіс. Атаудың географиялық қандай да бір нысанға қатыстылығын анықтайды, тау, өзен, көл, жазық, ойпат т.б. Топонимдердің қалыптасуы мен дамуын түсінуге мүмкіндік туады. Бұл әдіс арқылы нысан атауындағы табиғи компоненттердің ішкі және сыртқы белгілерін және топонимдердің пайда болуында қарқынды орын

алатын халықтық терминдердің және сөздердің қатысын айқындауға болады. Соңғы жылдары Қазақстан географтарының аймақтық-ландшафттық зерттеулер аясы физикалық география шеңберінен шығып, географияның басқа бағыттарымен, басқа ғылым салаларымен алмаса отырып, қолданбалы сипаттағы ландшафттық-топонимикалық зерттеулердің маңыздылығы (К.Д. Каймулдинова, 1998) артты. Сондықтан,

Сарыарқа ландшафттарының алуан түрлілігін өзгеру дәрежесін ескерсек, ландшафттық-топонимикалық зерттеулердің маңызы мен болшағы зор деуге болады. Сонымен қатар, табиғат қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану ба-рысындағы топонимиканың геэкологиялық тұрғыдан зерттеу бағыты (Қ.Т. Сапаров, 2004) пайда болды. Бұл бағыттағы топонимикалық зерттеулердің қажеттілігі географияның қазіргі таңдағы өзекті мәселелерінен туындайды. Қазақ топонимдерінің құрамында жануар өсімдік атауларын зерттеуде осы бағыттың қолданбалы маңызы зор. Өйткені Қазақстан топонимикасында өсімдік және жануарлар дүниесінің байырғы ареалдарының олардың шекараларын анықтауға қатысты зерттеулер бұрын жүргізілмеген. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді терминдендіру бағыты, басқа тілден енген географиялық атаулардың мемлекеттік тілдегі транскрипциясын қамтамасыз ету бағытындағы топонимикалық зерттеулер жүргізілуде.

Тарихи-салыстырмалы әдіс. Топонимнің пайда болуына ықпал еткен тарихи кезең немесе уақытын, оның эволюциясын, трансформациясын, әлеуметтік ортасын анықтауға мүмкінді жасайтын әдіс. Тарих үшін атаулар мол тарихи мұра саналады. Топонимдердің тамыры терең жайылып, бірнеше мыңжылдықтарды қамтитын тарихи кезеңдерден ақпарат береді. Әрбір тарихи кезең өзінің топонимдер мұрасымен сипатталады. Географиялық атаулар ежелгі заманда пайда болған болса, оны анықтау тек тарихи құжат-деректер арқылы зерттеуге болады [5].

Лингвистикалық әдіс. Топонимикалық зерттеулердегі ең маңызды әдістің бірі. Бұл әдісте топонимикалық фон, стратиграфия және форманттар пайдаланылады. Топонимнің қандай да бір тілде дұрыс айтылып- жазылуының ғылыми негізін зерттейді. Бұл лингвистикалық талдау әдісі барысында, белгілі ғалым-лингвистердің, тілтанушылардың еңбектерін және топонимика және терминология бойынша сөздіктер мен анықтамаларды кеңінен пайдаланады.

Статистикалық әдіс. Географиялық атаулардың – тілдік құрамы, мән-мағынасы, грамматикалық формасы, т.б. бойынша пайда болуының сандық арақатынасын айқындайды. Статистикалық әдіс арқылы географиялық жағдайларына байланысты және қандай да бір аумақ топонимдерінің пайда болуына пайыздық арақатынасына салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік

болады. Бұл әдістің негізінде ғылыми жұмыстарда топонимдердің сандық сипаттамасын айқындай отырып, карта, кесте, график, диаграмма құрастыруға мол мүмкіндік туындайды.

Этимологиялық әдіс. Географиялық атаулардың қалыптасуы мен пайда болуын, мәнін айқындайтын ең маңызды және ең ежелгі әдістердің бірі. Этимологиялық зерттеулерде географиялық атаудың қай тілге жататынын анықтау қажет. Көптеген географиялық атаулардың негізгі «кілті» – халықтық географиялық терминдер болып табылады. Топонимнің этимологиясын анықтауда нақты белгі жоқ, мұнда көптеген қиындықтар және кедергілер бар, сол үшін біз тарихи салыстырмалы зерттеулерді және географиялық деректерді пайдалануымыз қажет.

Картографиялық әдіс. Бұл әдісте картографиялық материалдарды топонимикалық бірліктердің орналасу заңдылықтарын анықтау үшін, топонимдердің ареалын, оның географиялық орналасу мен жағдайына тәуелділігіне байланысты зерттейді. Топонимикалық зерттеулердегі картографиялық әдістерде географиялық атаулар моделінің таралуы, басым тілдердің қазіргі топонимдердегі ареалы, халықтық-географиялық терминологияның мәндік өзгеруі айқын көрініс береді. Карта – географиялық номенклатураның нақты көзі болып табылады, сондықтан топонимикалық құбылыстардың таралу заңдылықтарын анықтауда картаны пайдалану өте маңызды болып саналады [5]. Қандай да бір аумақ бойынша, әр түрлі уақытта басылып шқықан картадағы атаулар, топонимикалық құбылыстардың динамикасын айқындауға назар аудартады. Картографиялық әдіс арнайы карталардағы әртүрлі әлеуметтік және табиғи құбылыстардың байланысын анықтауға мол мүмкіндік береді. ХХІ ғасыр ГАЖ жетістігін пайдалану арқылы топонимикалық карталарды өңдеудің мәні зор және өте өзекті саналады. Сарыарқадағы топонимдер картасын географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЖ) бағдарламаларында құрастыру әдістемесі жайлы монографияда жан-жақты қарастырылды. Заман талабына сай топонимикалық карталарды құрастыруда «картографиялық топонимика» ілімінің теориялық және практикалық маңызы артып келеді. Географиялық ақпараттар жүйесінің (ГАЖ) жаңа технологияларының озық түрлерін игеріп, жаңа ГАЖ бағдарламаларын топонимикалық карталарды құрастыруда пай-

далануға мол мүмкіншіліктерді береді [30].

Қазақстандағы жоспарлы топонимикалық зерттеулердегі географ және картограф мамандардың нәтижелері картографиялық топонимиканың кейбір өзекті мәселелерінің шешілуіне алғышарт жасады.

Географиялық ақпараттарды автоматты өңдеу үшін, мәліметтерді компьютерлік өңдеу мақсатында географиялық ақпараттар жүйесі негізделген [21]. Топонимиканың картографиялық астарларын дамытуда географиялық ақпараттар жүйесін игеру мол жағдайлар жасап, топонимика ілімінің физикалық-географиялық, геоэкологиялық және экономикалық ақпарат нысандары бойынша өнке карталар топонимикалық ақпарат көзі екенін дамытып, оларды жүйелеу қажет. Қазіргі кезде мазмұнын оронимдер, фитонимдер, гидронимдер, этнонимдер, т.б. карталарында айқындай түседі.

Жалпы қандай да бір аумақтың топонимін зерттеуде жоғарыда аталған географиялық атаулардың зерттеуде картографиялық әдістерді кешенді түрде пайдалану оң нәтиже береді. Бұл бағытта географ-ғалымдардың ішінде Ғ. Қоңқашбаевтың, К.Д. Каймулдинованың, А.С. Омарбекованың, Ә.Е. Аяпбекованың, Қ.Т. Сапаровтың, А.О. Маканованың, З.Қ. Мырзалиеваның, К.Т. Мамбеталиевтың, А.Е. Егинбаеваның еңбектерінің маңызы зор.

Масштабы 1:500000 топокарталардың негізінде (7 облыс бойынша) Сарыарқа аумағында 9000 астам топонимдер анықталды. Сарыарқаға қарасты барлық географиялық атаулар геоақпараттық жүйе (ГАЗ) негізінде карталарға түсіріліп, олардың таралу ареалдары бірізділікке келтірілді. Қазіргі уақытта масштабы 1:500000 топокарталар негізінде Сарыарқаның физикалық-географиялық, геоэкологиялық ерекшеліктерін бейнелейтін (масштабы 1:3500000 болатын) топонимикалық карталары (9 карта) құрастырылды. Кез келген топонимикалық зерттеулер жүргізген кезде, географиялық атауларды жинақтау, бұрынғы атауларын қалпына келтіру мәселері туындайды. Дегенмен, мұрағаттық, тарихи-географиялық, картографиялық, лингвистикалық, палинологиялық деректер атауларды қалпына келтіруге мүмкіндік туғызады. Географиялық карталарда көптеген, өткен тарихтан мол ақпарат беретін олар топонимдердің жазылуы, орналасқан жерін анықтауға мүмкіндік береді [10].

Әрбір географиялық атау географиялық картада, ресми құжаттарда өз орнын табу керек. Ол үшін ел болып жұмылып, қалпына келтіру, топонимикалық зерттеулер басты міндетіміз болып табылады. Сонымен қазіргі топонимикалық зерттеулерде көптеген зерттеулер әдістері пайдаланылуда. Бұл әдістердің ұштасу деңгейі күрделеніп, топонимикалық зерттеулердің басқа ғылым салаларымен салыстырмалы түрде дамуына мол мүмкіндіктер береді. Географиялық зерттеулердің маңыздылығы аталған мәселелердің қазіргі география ғылымдары үшін өзектілігі мен жаңа әдістер мен бағыттарды дамыту қажеттігімен айқындалады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Аристов Н.А.* Труды по истории и этническому составу тюркских племен. – Бишкек: Илим, 2003. – 458 с.
2. *Әбдірахманов Ә.* Топонимика және этимология. – Алматы: Ғылым, 1975. – 207 б.
3. *Бартольд В.В.* История культурной жизни Туркестана. – Л.: АН СССР, 1927. – 264 с.
4. *Бейсенова Ә.С.* Қазақстанның физикалық географиясы: оқулық. – Алматы, 2014. – 540 б.
5. *Бейсенова Ә.С., Каймулдинова К.Д.* Жер-су аттарын географиялық-экологиялық ғылымдар тұрғысында зерттеудің қазіргі мәселелері // Қазақстан Республикасының орнықты дамуының географиялық негіздері. – Алматы: Ғылым, 1998. – Б. 491-497.
6. *Гольденберг Л.А.* «Хорографическая книга чертежной Сибири С.У. Ремезова» // Вопросы истории. – М., 1962. – №6. – С. 183-185.
7. *Горбунов А.П.* «Үлкен Сызба кітапнамасындағы» Қазақстанның географиялық деректері // География, биология, экология орта мектепте. – Алматы, 2008. – №1. – Б. 27-32.
8. *Гумбольд А.* Путешествие в 1829 году по Сибири и к Каспийскому морю. – СПб., 1837. – 24 с.
9. *Достай Ж., Мәмбеталиев К.* Қазақтану және топонимика. Қазақтану өрісі: оқу құралы / ред. Ж. Молдабеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 204 б.
10. *Егинбаева А.Е.* Сарыарқа топонимикасы. Монография. – Алматы: ССК, 2019. – 224 б.
11. *Жанұзақов Т.* Орталық Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы: Ғылым, 1989. – 256 б.
12. *Жартыбаев А.Е.* Қарағанды өңірі топо-

- нимдерінің мағыналық және құрылымдық сипаттары. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1998. – 165 б.
13. Историческая энциклопедия Сибири: [в 3 т.] / Институт истории СО РАН. Издательство Историческое наследие Сибири. – Новосибирск, 2009.
14. *Каймулдинова К.Д.* Қазақстандағы физикалық-географиялық нысандардың номинациялануының ғылыми негіздері: 25.00.23 географ. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2010. – 27 б.
15. *Конкашпаев Г.К.* Казахские народные географические термины // Изв. Ан Каз ССР. Серия географическая. – 1951. – №99. – Вып. 3. – С. 3-47.
16. *Көпеев М.Ж.* Сарыарқаның кімдікі екендігі // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1994. – №4. – Б. 110-124.
17. Қазақстан Республикасы географиялық атауларының мемлекеттік каталогы / РМҚК. «Ұлттық картографиялық қор». – Алматы, 2005. – Т. 5. – 390 б.
18. Қазақстан Республикасының физикалық картасы (Масштабы 1:1500000). – Алматы: «Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры» РМҚК, 2014. – 1 б.
19. *Қойшыбаев Е.* Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы, 1985. – 256 б.
20. *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
21. *Линник В.Г.* Построение геоинформационных систем в физической географии: учебное пособие. – М., 1990. – 80 с.
22. *Макшеев А.И.* Путешествия по киргизским степям и Туркестанскому краю: документально-художественная литература – Санкт-Петербург: Военная Типография Главного Штаба Его Императорского Величества, 1896.
23. *Маргулан А.Х.* Джекказган – Древний металлургический центр // В кн.: Археологические исследования в Казахстане / ред. К.А. Акишева. – Алма-Ата: Наука, 1973. – 208 с.
24. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. – Т. 3, ч. 2: Акмолинская область, Акмолинский уезд. – Чернигов, 1909. – 189 с.
25. *Миллер Г.Ф.* История Сибири. – М., Л.: Акад. наук СССР, 1937. – Ч. 3. – 466 с.
26. *Мурзаев Ә.М.* Очерки топонимики. – М., 1974. – 382 с.
27. *Потанин Г.Н.* Запад.Сибирь. Алтай. Прииртышье (заметки о Западной Сибири) // В кн.: Живописная Россия. – С-Петербург, 1884. – 332 с.
28. *Радлов В.В.* Опыт словаря тюркский наречий. – СПб., Типограф. императ. Ан. России, 1899. – Т. 2. – Ч. 1. – 340 с.
29. *Рычков П.И.* Топография Оренбургской губернии. – Уфа, 1899. – 154 с.
30. *Сапаров Қ.Т., Егинбаева А.Е., Кунбасова Д.М.* Геоакпараттық картографиялау әдісінің топонимиялық зерттеулердегі ролі // Гидрометеорология и экология. – 2015. – №2(77). – Б. 140-149.
31. *Сатпаев К.И.* О развитии цветной и черной металлургии в районе Карагандинского Бассейна // Народное хозяйство Казахстана. – 1929. – №6-7. – С. 11-43.
32. *Семенов-Тянь-Шанский.* Путешествие в Тянь-Шань в 1856-1857 г. – М.: Географгиз., 1946. – 256 с.
33. *Султаньяев О.А.* Топонимика Кокчетавской области (лингвистический анализ): автореф. ... докт. филол. наук. – Томск, 1969. – 30 с.
34. *Уәлиханов Ш.Ш.* Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1985. – Бас. 2. – 560 б.
35. *Ханыков Я.В.* О карте Миллера маршрута от Орска до Зюнгарского владения и обратно // Географические известия. – СПб., 1850. – 320 с.
36. *Чернышев Ф.Н.* Историческая геология. (Девон). Курс лекций, чит. в 1908-1909 гг. - Вып. 1. – СПб., 1909.

REFERENCES

1. *Aristov N.A.* Trudy po istorii i etnicheskomu sostavu tyurkskikh plemen. – Bishkek: Ilim, 2003. – 458 s.
2. *Әбdirakhmanov Ә.* Топонимика және етимология. – Алматы: Fylym, 1975. – 207 б.
3. *Bartol'd V.V.* Istoriya kul'turnoi zhizni Turkestana. – L.: AN SSSR, 1927. – 264 s.
4. *Beisenova Ә.S.* Қазақстанның физикалық географиясы: оқулық. – Алматы, 2014. – 540 б.
5. *Beisenova Ә.S., Kaimuldinova K.D.* Zher-su attaryn geografiyaluq-ekologiyaluq fylymdar tyrfysynda zertteudin qazirgi meseleleri // Қазақстан Республикасының орнықты дамуының географиялық негіздері. – Алматы: Fylym, 1998. – В. 491-497.

6. *Gol'denberg L.A.* «Khorograficheskaya kniga chertezhnoi Sibiri S.U. Remezova» // *Voprosy istorii.* – M., 1962. – №6. – S. 183-185.
7. *Gorbunov A.P.* «Ylken Syzba kitapnamasyndaғы» Қазақстанның географиялық деректері // *География, биология, экология орта мектепте.* – Алматы, 2008. – №1. – B. 27-32.
8. *Gumbol'd A.* *Puteshestvie v 1829 godu po Sibiri i k Kaspiiskomu moryu.* – SPb., 1837. – 24 s.
9. *Dostai Zh., Mambetaliev K.* Қазақтану және топонимика. Қазақтану өрісі: оқу құралы / red. Zh. Moldabekov. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 204 b.
10. *Eginbaeva A.E.* *Saryarka toponimikasy. Monografiya.* – Алматы: SSK, 2019. – 224 b.
11. *Zhanұзақов T.* *Ortalyқ Қазақстанның zher-su attary.* – Алматы: Fylym, 1989. – 256 b.
12. *Zhartybaev A.E.* *Қарағанды өңірі топонимдерінің мағыналық және құрылымдық сипаттары.* – Қарағанды: Bolashaқ-Baspa, 1998. – 165 b.
13. *Istoricheskaya entsiklopediya Sibiri: [v 3 t.] / Institut istorii SO RAN. Izdatel'stvo Istoricheskoe nasledie Sibiri.* – Novosibirsk, 2009.
14. *Kaimuldinova K.D.* Қазақстандағы физикалық-географиялық нысандардың номинативтік мағынасының ерекшеліктері: 25.00.23 географ. ғыл. докт. ... автoref. – Алматы, 2010. – 27 b.
15. *Konkashpaev G.K.* *Kazakhskie narodnye geograficheskie terminy // Izv. An Kaz SSR. Seriya geograficheskaya.* – 1951, – №99. – Vyp. 3. – S. 3-47.
16. *Kopeev M.Zh.* *Saryarқаның kimdiki ekendigi // Қазақ тили мен әдебиеті.* – 1994. – №4. – B. 110-124.
17. *Қазақстан Республикасы географиялық атауларының мемлекеттік каталогы / РМҚК. «Ұлттық картографиялық қор».* – Алматы, 2005. – Т. 5. – 390 b.
18. *Қазақстан Республикасының физикалық картасы (Масштабы 1 : 1 500 000).* – Алматы: «Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры» РМҚК, 2014. – 1 b.
19. *Қошыбаев E.* *Қазақстанның zher-su attary сөздігі.* – Алматы, 1985. – 256 b.
20. *Levshin A.I.* *Opisanie kirgiz-kazach'ikh, ili kirgiz-kaisatskikh ord i stepi.* – Алматы: Sanat, 1996. – 656 s.
21. *Linnik V.G.* *Postroenie geoinformatsionnykh sistem v fizicheskoi geografii: uchebnoe posobie.* – M., 1990. – 80 s.
22. *Maksheev A.I.* *Puteshestviya po kirgizskim stepyam i Turkestanskomu krayu: dokumental'no-khudozhestvennaya literatura – Sankt-Peterburg: Voennaya Tipografiya Glavnogo Shtaba Ego Imperatorskogo Velichestva, 1896.*
23. *Margulan A.Kh.* *Dzhezkazgan – Drevnii metallurgicheskii tsentr // V kn.: Arkheologicheskie issledovaniya v Kazakhstane / red. K.A. Akisheva.* – Alma-Ata: Nauka, 1973. – 208 s.
24. *Materials po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu, sobrannye i razrabotannye ekspeditsiei po issledovaniyu stepnykh oblastei.* – T. 3, ch. 2: *Akmolinskaya oblast', Akmolinskii uezd.* – Chernigov, 1909. – 189 s.
25. *Miller G.F.* *Istoriya Sibiri.* – M., L.: Akad. nauk SSSR, 1937. – Ch. 3. – 466 s.
26. *Murzaev Ә.M.* *Ocherki toponimiki.* – M., 1974. – 382 s.
27. *Potanin G.N.* *Zapad.Sibir'. Altai. Priirtysh'e (zametki o Zapadnoi Sibiri) // V kn.: Zhivopisnaya Rossiya. – S-Peterburg', 1884. – 332 s.*
28. *Radlov V.V.* *Opyt slovarya tyurkskii narechii.* – SPb., Tipograf. imperat. AN. Rossii, 1899. – T. 2, ch. 1. – 340 s.
29. *Rychkov P.I.* *Topografiya Orenburgskoi gubernii.* – Ufa, 1899. – 154 s.
30. *Saparov Қ.Т., Eginbaeva A.E., Kunbasova D.M.* *Геоақпараттық картографиялау әдісінің топонимиялық зерттеулердегі рөлі // Gidrometeorologiya i ekologiya.* – 2015. – №2(77). – B. 140-149.
31. *Satpaev K.I.* *O razvitii tsvetnoi i chernoi metallurgii v raione Karagandinskogo Basseina // Narodnoe khozyaistvo Kazakhstana.* – 1929. – №6-7. – S. 11-43.
32. *Semenov-Tyan'-Shanskii.* *Puteshestvie v Tyan'-Shan' v 1856-1857g.* – M.: Geografiz. 1946. – 256 s.
33. *Sultan'yaev O.A.* *Toponimika Kokchetavskoi oblasti (lingvisticheskii analiz): avtoref. ... dokt. filol. nauk.* – Tomsk, 1969. – 30 s.
34. *Uәlikhanov Sh.Sh.* *Taңdamaly shyғarmalar.* – Алматы, 1985. – Bas. 2. – 560 b.
35. *Khanykov Ya.V.* *O karte Millera marshruta ot Orska do Zyungarskogo vladeniya i obratno // Geograficheskie izvestiya.* – SPb., 1850. – 320 s.
36. *Chernyshev F.N.* *Istoricheskaya geologiya. (Devon). Kurs leksii, chit. v 1908-1909 gg.* – Vyp. 1. – SPb., 1909.

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ И МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ТОПОНИМИКИ САРЫАРКИ

А.Е. Егинбаева¹ PhD, и.о. доцента, **Қ.Т. Сапаров**¹ д.г.н., профессор, **З.К. Мырзалиева**² к.г.н., **М.А. Аралбекова**¹ к.г.-м.н., доцент

¹*Евразийский национальный университет им. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан*

E-mail: aeginbaeva@mail.ru

²*Международный университет "SILKWAY", г. Шымкент, Казахстан*

Современная топонимика развивается на стыке географических, лингвистических и исторических наук, поэтому методы исследования опираются на методологические основы трех наук. К основным методам исследования относятся описательный, исторический, лексико-географический, сравнительно-географический, картографический (ГИС), статистический методы. Преобладание того или иного метода зависит от особенностей топонимов, условий их историко-географического развития, географических особенностей исследуемой территории. В статье рассматривается история изучения топонимики Сарыарки, охватывающей большую территорию Республики Казахстан. Наряду с методами исследования, рассмотрены место и возможности использования геоинформационных (ГИС), картографических методов в топонимических исследованиях.

Ключевые слова: Сарыарка, ландшафт, природная среда, народно- географические термины, ландшафтно-топонимические исследования, топонимические методы исследования

THE MAIN DIRECTIONS AND METHODS OF RESEARCH OF TOPONYMS OF SARYARKA

A.Ye. Yeginbayeva¹ PhD, acting Associate Professor, **K.T. Saparov**¹ Doctor of Geographical Sciences, Professor, **Z.K. Myrzaliev**² Candidate of geographical Sciences, **M.A. Aralbekova**¹ Candidate of geological and mineralogical Sciences, Associate Professor

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

E-mail: aeginbaeva@mail.ru

²*SILKWAY International University, Shymkent, Kazakhstan*

Modern toponymy develops at the intersection of geographical, linguistic and historical sciences, so the research methods are also based on the methodological foundations of these three sciences. The main research methods include descriptive, historical, lexicon-geographical, comparative-geographical, cartographic (GIS), and statistical methods. The predominance of a particular method depends on the characteristics of toponyms, the conditions of their historical and geographical development, and the geographical features of the territory under study. The article deals with the history of the study of the toponymy of Saryarka, which covers a large territory of the Republic of Kazakhstan. In addition, along with the research methods, the place and possibilities of using geoinformation (GIS), cartographic methods in toponymic research are considered.

Keywords: Saryarka, landscape, natural environment, national geographic terms, landscape and toponymic research, toponymic research methods